25.01.2018-ғы № ДС-20 шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТЫ

ДЕПУТАТ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
201__жылғы «___»_____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«___» _____201__года
№ _____

2018 жылғы 24 қаңтарда
жарияланды

ҚР Премьер-Министрі
Б.Ә. САҒЫНТАЕВҚА

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы !

Сізге депутаттық сауалымыздың себебі мен тақырыбы - еліміздегі кино өнерінің материалдық-техникалық, технологиялық базасы «Қазақфильм» кино өндірістік кешенінің тағдырына байланысты.

Белгілі болғанындай - Алматының ең көрікті көріністерінің біріне орналасқан СССР халық әртісі, қазақ киноөнерінің негізін қалаушылардың бірі, Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының кешені жекешелендірілетін нысандардың тізіміне енгізіліпті.

Кезінде көптеген кітапханалар, мәдениет үйлері, балабақшалар, кітап магазиндері, тағы басқа әлеуметтік нысандар жекешеленіп, олар бастапқы мақсаттарынан өзгертіліп, орасан әлеуметтік зардап шегуді еліміз басынан өткізіп еді. Ел экономикасы түзелгеннен кейін сол тегін кеткен әлеуметтік нысандарды мемлекеттің қырғын қаржысына қайта сатып алып шабылғанбыз. Осы жағдайды естен шығармағанымыз абзал болар еді.

«Қазақфильм» кешені біздің ұлтымыздың, ұлттық руханиятымыздың, қайталанбас дарынды ондаған өнер шеберлерінің тарихымызға алтын әріппен жазылған ұлы есімдерімен байланысты. «Қазақфильм» кешенінің өзі қасиетті шаңырақ.

«Қазақфильм» киностудиясын алатын адам кино өндірісімен шұғылданбайтыны бесенеден белгілі. Өйткені, ол таяу жылдарда коммерциялық пайда бере алмайды. Әйгілі Голливудтың, тіпті бізге жақын «Мосфильмнің» дәрежесіне жетуге жылдар мен қыруар қаржы керек. Сірә, оның тұрған жері мен ғимараттары қызықтырып тұрса керек. Ал шетелдіктердің қолына тисе, онда сөз жоқ, біз ұлттық кинодан,осы салада Елбасы мақаласында айтылған ұлттық код, тегімізді насихаттау мүмкіндігінен айырыламыз. Студияны сатып алған қожайын өзінің идеологиясын жүргізетін болады. Ол біздің жас өркен таланттарымызды өз мүддесіне мәжбүрлейді.

Осы жағдайды ескеріп, «Қазақфильм» киностудиясын жекешелендіру тізімінен шығару мүмкіндігін қарастыруыңызды өтінеміз.

Жауабын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде жазбаша беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

депутаттар, «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшелері

Қ. Сұлтанов

Б. Мамраев

Г. Қарақұсова

И. Аронова

М. Ерман

Ш. Өтемісов

С.Ахметов

25.01.2018 ЭҚАБЖ МО (7.22.0 нұсқасы)

орынд. О.Балашов
тел. 74-64-14, 74-62-46
эл.почта: balashov@parlam.kz